

ҒТАМР 16.21.47

ОРТАҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

(қазақ-түрік тілдері материалдары негізінде)

Б.Қ. МҰРАТБЕК ^{[0000-0002-4100-2534]*}, **Ж.О. ӘМІРҒАЛИ** ^[0000-0002-8327-6402]

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

*e-mail: baglash@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада қазіргі қазақ және түрік тілдеріне ортақ лексиканың тақырыптық, грамматикалық сипаты қарастырылады. Ортақ тарих, түп негізі бір қазақ-түрік тілдерінде ортақ лексиканың болуы заңды нәрсе. Қазіргі қазақ тілі мен түрік тіліне ортақ сөздердің әртүрлі мағынада болуы әрбір ұлттың заттар мен құбылыстарды өзіндік ұлттық таным, көзқараспен тануымен байланысты. Бір сөздің әр түрлі құбылысты немесе керісінше бір құбылысты әртүрлі сөзбен атауының басты себебі халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, кәсіп-шаруашылық, табиғаттық-климаттық құбылыстар мен жағдайларға қатысы бар. Белгілі бір объективті шындықты түркі халықтарының әртүрлі тануының басты себебі әрбір ұлттың, тіпті оның өкілдерінің дүниетанымдық ерекшеліктерімен байланысты, бір ұлт өкілдерінің дүниені тануы әрқалай. Дүниетаным адамның көзқарасын, психикасын, логикасын, талғамын, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдерін және т.б. қамтиды. Сондықтан да әрбір ұлт, халық, адам бір формаға бірнеше мазмұн, бір мазмұнға бірнеше форма сиғызуы мүмкін. Лексико-семантикалық топ мүшелері арасында болған өзгерістер сол топтағы сөздердің барлығына бірдей әсер ете бермейді, белгілі бір топ мүшелеріне ғана әсер етеді. Ортақ лексиканың грамматикалық сипаты дегенде, біз қазіргі қазақ және түрік тілінде дыбыстық өзгеріске түскені, түспегені, мағыналық өзгеріске ұшырап, ұшырамағаны немесе ішінара мағыналары сәйкесетін сөздерді қарастырдық.

Түйін сөздер: лексика, семантика, константтар, этимология, диалект, варианттар, ұлт

Кіріспе. Сөздік құрамдағы сөздер сөздердің қалай болса солай жинақталына салынған жиынтығы емес. Объектив дүниедегі заттар өзара байланысып, сұрыпталынса, сөздік құрамдағы сөздер де солай сараланып жатады. Әрине заттар арасындағы байланыс пен сөздер арасындағы байланыс тең түсетін байланыс деуге негіз жоқ.

Жалпы ұғым, тілге қатысты алғанда жалпы мағына, кейде *константтар* деп те аталады. Константтар дегеніміз – тілдің немесе тілдердің, дамуының барлық кезеңдерінде, яғни синхрониясында да, диахрониясында да өзгеріссіз қалатын элементтер. Ал семантикалық константтар дегеніміз – тілдің даму тарихында тұрақтылығын сақтайтын семемалар. Белгілі бір сөздерді белгілі бір тіл немесе тілдер ішінде жалпы мағынасы мен мазмұнын тектес етіп байланыстырып тұратын семемалар – сөздердің лексика-тақырыптық, лексика-грамматикалық топтары өзгеріске түссе де айнығысыз қалатын бірліктер. Жалпы түркі тілі кезеңінде, қазіргі түркі тілдері тұтас тіл болғанда, сөздер заттарды бөліктерге, қимыл-қозғалыстарды бағыттарға, сын-сипатты реңдерге бөлшектемей атаған [1, 56 б.].

Негізгі бөлім. Жеке сөз таптарын лексико-семантикалық топтарға бөлу дәстүрі басқа тілдерде қалыптасқан болса да, түркі тілдерінде әлі толық ондай топтарға бөлініп зерттелінген жоқ. Рас соңғы кездерде кейбір тематикалық топтар мен лексико-семантикалық топтардың табиғатын ашуға әрекет еткен еңбектер жарық көріп жүр, бірақ олар әлі жеткіліксіз [2, 186 б.]. Біз төмендегі лексико-семантикалық топтарды бөліп көрсетуде М.Оразовтың үлгісін басшылыққа алдық.

Туыстық атаулар *ata* (ата), *ağa* (аға), *anne* (ана), *baba* (баба), *bala* (бала), *erkek* (еркек), *yenge* (жеңге), *yezde* (жезде), *koca* (қожа), *kız* (қыз), *oğul* (ұл), *kaynata* (қайын ата), *kaynana* (қайын ана), *kardeş* (қардаш), *gelin* (келін), *yeğen* (жиен), *baldız* (балдыз), *bacanak* (бажа)

Ağa сөзі көне заманнан түркі тілдерінің көбінде қолданылып келе жатқан сөз. Бұл сөздің үш түрлі фонетикалық варианты бар: ага (қырғ., тат., түркм., аз., гаг. тілдерінде), аға (қаз., түр., башқ., хак., якут. тілдерінде), ака (өзб., ұйғ., алт. тілдерінде). *Ağa* сөзінің «*басшы, жетекші*» мағынасы отағасы, қосағасы, тетағасы деген біріккен атаулардың өте ертеде жасалғанын көрсетеді. Бұлардың отағасы (отбасының басшысы, үйдің иесі), қосағасы – жорыққа, аң аулауға, басқа бір жерге белгілі бір шаруамен жолға шығуға жиналған топ – қостың басшысы, ал *тетеағасы* > *тетағасы* – Н.И.Ильминскийдің көрсетуі бойынша, «*қосағасынан кейінгі басшы*». Бұл күнде бұл үш сөздің үшеуінің де алғашқы номинатив (атауыштық) мағынасы ескіре түскен: *отағасы* – көбінесе қаратпа сөз қызметінде жасы үлкен (ересек, егделеу) ер адамға айтылады не әйелі өзінің күйеуі (ері, шаңырақ иесі) туралы әңгіме айтқанда қолданады (отағасым жол жүріп кетті дегендегі сияқты), қосағасы сөзінің мағынасын *қос* және *аға* сөздеріне қарап, әйтеуір топшылауға мүмкіндік бар, ал *тетағасы* деген сөздің болғандығын ХІХ ғасырдың ІІ жартысында жиналған (Н.И.Ильминскийдің) материалдарынан біліп отырмыз. Демек, *аға* сөзінің қазақ тілінде, кейбір өзге де түркі тілдеріндегідей және «*басшы, бастаушы*» деген бір нақты атауыштық (номинатив) мағынасын болғанын айтамыз [3, 287 б.]. Ал түрік тілінде аға, жалпы жасы үлкен ер адамды «*ağabeу*» деп атайды. «*Ağa – қожайын, жеке меншік жер иесі*» деген мағына береді. *Ağabeу* сөзі мен *ağa* сөзінің арасында номинатив мағына *ağabeу* сөзінде болса, *ağa* сөзінде қосалқы мағына пайда болған.

Екі тілде де ортақ *kaynata* (қайын ата), *kaynana* (қайын ене) тіркестері бар. Осы тіркестердегі *қайын* сөзі әуел баста тек әйелдің туыстарына ғана қолданылған болу керек. Кейін *қайын* сөзі екі жаққа бірдей ортақ атау болып кеткен. Олай болу себебі *қайын* сөзі о баста *qadhin* (қатын) деген сөзден шыққан. Махмұд Қашғаридің сөздігінде *kadhmagun* (қайынаға) деп тек күйеу жігіт әйелінің туыстарын айтатындығы көрсетіледі, Мухаддимат-ал-адаб сөздігінен де бұл атаудың *qadum* — әйел жағынан туыстар. Түркі тілдерінің бірталайында көне т (д) дыбыстарының й (з) р дыбыстарымен алмасып отыру заңдылығы бар. Қазіргі түркі

тілдерінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай қайын сөзіндегі *й* дыбысы бірде *д* (т), бірде *й* (з) дыбыстарымен алмасып отырады. Мысалы, хакас тілінде қайын сөзі хазын болып айтылады, қайын ене сөзі хазине (хазын және ине сөздерінің бірігуінен) қайын аға сөзі хазынах (хазын және аға сөздері бірігіп); тува тілінде «қайын ата» сөзі — хаты, «қайын ене» сөзі — қат *ие* (зи) болып айтылады. Сөйтіп, «қайын» сөзін «қатын» сөзінің фонетикалық өзгерген формасы деп табамыз. Түркі тілдеріндегі туыстық атауларды зерттеуші Л. А. Покровская да «қайын» сөзін қадан/қатын сөзімен жақындастырып, бұл атаудың кейбір түркі тілдерінде тек әйел жағынан болған туыстарға айтылатындығын көрсетеді [2, 113 б.]. Ж.Баласағұнның дастанында, Калунамқара мен Папамқара туралы жазбада «қайын ата» мағынасы «қадін» сөзімен беріледі. «Қадін» сөзіндегі *д* дыбысы *й-ге* ауысып, «қайын» тұлғасы тұрақтанған деуге де болады.

Үенге (жеңге), *уеҗен* (жиен), *гелін* (келін), *балдыз* (балдыз) сөздері қазақ тіліндегідей мағынасымен сөйкесіп, тең дәрежеде жұмсалады. *Балдыз* сөзін М.Қашқари сөздігінде «қатынның сінділері» деп көрсеткен. ҚҚТ-інде орталық, солтүстік-шығыс диалектілерінде «әйелінің іні-сінділері» деген, оңтүстік диалектісінде «әйелінің сінділері» деген мағыналарда қолданылуының мағыналық төркінін түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерімен салыстырсақ, балдыз, қайынбике, қайын сінді, әйелінің сіндісі, қайын іні, күйеу бала, қайын апа, атасының тоқалы, сінділі, қалыңдық деген мағыналары бар. «Бал» түбірінің бастапқы жалпы мағынасы «жас, кіші» дегенге саяды («балдыр, балғын, балдыз дегендердегідей»). Екі тілде де әйелінің өзінен жасы кіші сінділері деген мағынада жұмсалады. Бірақ зерттеушілердің (Л.Покровская, О.Н.Трубачев, К.М.Мұсаев) тұжырымдауынша, «қандас туыс», «некелес туыс» атауларында әйелге қатысты атаудың ер адамға, ер адамға қатысты атаудың әйелге ауысуы (тәте, балдыз) О.Н.Трубачев еңбегінің кіріспесінен түйгеніміз, матриархаттың патриархатқа ауысуымен байланысты болған секілді.

Baba сөзі парсы тілінен енген, негізгі мағынасы «әке, көпті көрген көп жасаған қария». Бұл мағына қазіргі түрік тілінде (бұдан әрі- ҚТТ) қолданылады. Ал қазақ тілінде ауыспалы мағынасы тән, яғни арғы ата, үлкен ата мәнінде қолданыста. Әке мағынасындағы *baba* сөзі түрік тілінде активті жұмсалса, қазақ тілінде арғы ата мағынасындағы *баба* сөзі пассивті қабатқа енеді.

Түрік тіліндегі *kardeş* сөзі түркі тілдерінде туыс дегенді білдіреді. Қазақ тілінде ескі кітап тіліне тән «қандас, туыс, бауыр» деген мағынаны беретін *қардаш* сөзі бар. Бірақ түрік тіліндегі сөз активті лексикада жұмсалады. *Бауыр, бірге туған қандас, аға, іні, пікірлес, діндес* деген мағыналары бар және қаратпа сөз қызметінде қолданылады.

Жан-жануарлардың атаулары: *aygır* (айғыр), *aslan* (арыстан), *at* (ат), *ayı* (аю), *eşek* (есек), *jaguar* (ягуар), *kaplan* (қабылан), *karakul* (қаракөл қойы), *koyun* (қой), *panda* (панда), *pars*

(барыс), *penguin* (пингвин), *puma* (пума), *antilop* (антилопа), *kunduz* (құндыз), *teke* (теке), *таутип* (маймыл), *meral* (марал)

Айғыр сөзі түркі тілдерінің көбінде «үйірге түсетін еркек жылқы» деген мағынасында келеді. Түрік және қазақ тілінде де осы мағыналары сақталған. *Ау* (аю) сөзі түрік тілінде *ау* түрінде, басқа түркі тілдерінде *ауу*, *eyiq*, *ayiq* формасында келеді. Түбір формасы *ай* сөзінен шығатын *аю* сөзі қазақ тілінде «енгезердей, икемсіз», «ызбарлы, сұсты», түрік тілінде «епсіз, қолапайсыз» деген ауыспалы мағынада жұмсалады.

Құс-жәндік атаулары: *balık* (балық), *baykuş* (байғыз), *bit* (бит), *çil* (шіл), *flamingo* (фламинго), *kambala* (камбала), *kuzgun* (құзғын), *karga* (қарға), *kaşalot* (кашалот), *kuş* (құс), *kaz* (қаз), *keklik* (кекілік), *kene* (кене), *kelebek* (көбелек), *kırkayak* (қырықаяқ), *kuğu* (аққу), *kurbağa* (құрбақа), *kurt* (құрт), *leylek* (лэйлек), *sazan* (сазан), *su yılan* (су жылан), *tavuk* (тауық), *turna* (тырна), *yılan* (жылан), *çayan* (шаян), *tavus* (тауыс), *turgay* (торғай)

Иілген ұзын мойынды, суда жүзіп жүретін, ақ қауырсынды құсты қазақ тілінде *аққу* (қу) десе, түрік тілінде *kuğu* деп атайды. Басқа түркі тілдерінде де *аққу* сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған варианттары *оққұш* (оқ/ақ), *ак қуу*, *қу* формасында қолданылады. Түркі тілдерінде (татар, қазақ тілдерінде) *қу* — ақ, боз мағынасында жұмсалады: боп-боз болып семіп жүдеген кісіні қазақ құп-қу боп жүдепті дейді; *қу шөп*, *қураған ағаш* дегендегі *қу* сөзінің төркіні де *сақалы құдай* дегендегімен сыбайлас.

Белгілі бір кәсіпке немесе ғылым саласына қатысты сөздер сараланған мағына да туынды мағына секілді зат, сөз, ұғым, екінші бір затқа туынды атау болуға тірек болатын бастапқы заттың бір белгісі деген 4 компоненттен құралады. Бірақ сараланған мағынаның туынды мағынадан айырмашылығы – оның белгілі бір кәсіп, өнер, ғылым саласына ғана қатысты қолданылатындығы. Мысалы, *балық* сөзінің екі тілдегі негізгі мағынасы «суда өмір сүріп, желбезекпен дем алатын, омыртқалылар тобындағы су жануары», ал туынды «жұлдыз аты» болуы сараланған мағына.

Дене мүшелерінің атаулары *ağız* (ауыз), *ayak* (аяқ), *aya* (ая), *arka* (арқа), *baldır* (балтыр), *aşık* (асық), *bet* (бет), *et* (ет), *yurek* (жүрек), *el* (елі), *bilek* (білек), *bilezik* (білезік), *diz* (тізе), *iç* (іш), *bel* (бел), *baş* (бас), *dalak* (талақ), *burun* (мұрын), *boyun* (мойын), *karın* (қарын), *kol* (қол), *kulak* (құлақ), *göz* (көз), *öd* (өт), *ökçe* (өкше), *taban* (табан), *diş* (тіс), *kaburga* (қабырға)

Көне түркі жазба ескерткіштерінде *адақ* формасында және басқа түркі тілдерінде *ойоқ* (өзбек), *ауақ* (әзірбайжан), *аяк* (татар) түрінде келетін *аяқ* сөзінің түрік тіліндегі формасы қазақ тіліндегімен бірдей. Бірақ тілімізде бұл сөз адамның дене мүшесі ретіндегі қызметінен бөлек, мынадай мағыналарда жұмсалады: 1. Зат тіреуіші. 2. Төменгі жақ. 3. Соңы. 4. Ыдыс. Соңғы мағынасы парсы тіліндегі *тостаған*, *кесе* мағынасын беретін *айақ* сөзімен сәйкеседі,

бірақ *айақ* сөзі *айа* (алақанның шұңқыры) деген архисемадан туындаған. Шұңқыр, қуыс белгісі *айақ* деп, яғни зат есімнен зат есім жасайтын *-қ* жұрнағы арқылы қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінде «ыдыс» мағынасын береді. Қазір тілімізде қос сөздің екінші сыңары ретінде *ыдыс-аяқ* сөзіндегі қолданысы, ыдыс мағынасын жеке түрде беретін қолданысынан активті деп айта аламыз. Түрік тілінде негіздік мағынасын сақтаған. Ш.Шарапатұлы «Түркі лексикасының семантикалық деривациясы» еңбегінде «ада» сөзінің мағыналастықтан энантиосемаға айналуын былайша түсіндіреді «Алдымен айтарымыз тіл алды интервокалды *д* дауыссызының (*~с, ~t*) дауыссызына ауысуы XII ғасырдан кейін көбірек кездесе бастайды, *й* негізінен орта ғасыр ескерткіштеріне тән құбылыс. Жоғарыдағы түркі ескерткіштері мен тілдерінің деректерін салыстырғанда да, аяқ сөздерінің формалық жағынан түбірлес, мазмұндық жағынан төркіндес екенін зерделеуге болады. Төркіндес сөздердің семантикалық деривациясының әрқилылығы соншалық, олардан тарамдалған мағыналар мәнделес, мағыналастықтан антонимге (энантиосемаға) айналып кететін тұстары бар. Бастапқыда нақты (конкретті) тік тұрған (вертикальды) қалыптағы адамның басы мен аяғы көлбеу жатқан (горизонтальды) өзеннің және т.б. заттардың бастауы мен соңына атау болып абстрактілі құбылыстардың да басталуы мен бітуіне таңылып таныла береді. Бастапқыда «ада» түбіріндегі «*жұрдай, түк жоқ*», «*жұт, қауіп, қайғы*» деген мағыналар қазіргі қазақ тілінде аяқ, аяқтау, адақтау сөздерімен берілетіндей өзгеріске түскен. Оған моңғол тіліндегі «адаг» сөзінің «*соңғы, аз, кіші*» деген мағыналарда қолданылуы дәйегімізді дәлелдей түседі» [2, 120 б.].

Baltır сөзі түрік тілінде: 1. Сирақ – тізе мен тобықтың арасы, жіліншік. 2. адам сирағының ішкі жағындағы бұлшық етті атаса, қазақ тілінде: 1. Адам жіліншегіндегі бұлшық ет. 2. Адамның тізеден төменгі бөлігі, аяғы. 3. *ауыс*. Қайың, тал сияқты ағаштардың түзудіңгегі деген мағыналары бар. Түркі тілдерінің барлығында екі тілдегі қолданыстары сақталған. Қазақ тіліндегі ағаштардың түзудіңгегі деген мағынасы түрікмен тіліндегі «*өсімдік сабағымен*» сәйкеседі. Байқайтынымыз, алғашқы түркі тайпалары бірге болған кезде сөздерді затқа не адамға қатысты бөлмей атағанын байқауымызға болады.

Ел, елиг сөздері орта ғасыр ескерткіштерінде («Алтун йарук», М.Қашқари «Сөздігі», Ж.Баласағұн «Дастаны», А.Йүгінеки «Ақиқат сыйында») «*қол, саусақ*» деген мағыналарда қолданылған. Қазіргі түрік тілінде *el* сөзі аталған *қол* мағынасында қолданылады. Ал қазіргі қазақ тілінде бес саусақтан, алақаннан тұратын адамның дене мүшесін *қол* деп атайды. Тұлғасы мен мазмұны жағынан мағыналас тілімізде *ели* сөзі бар. Бірақ *ели* сөзі қол мағынасында емес, қазіргі түркі тілдерінің көбіне ортақ «саусақтың енінің өлшем бірлігі»

мағынасында қолданылады. Түрік тілінде *kol* сөзі бар бірақ оның қолданысымен қазақ тіліндегі контексттік мағыналары тең түспейді.

Түркі тілдеріндегі көп мағыналы *білек* сөзі адамның дене мүшесі қолының тырнақ ұшынан денеге ұштасу аралығына дейінгі 6 бөлігін атайды. Қазақ тілі мен түрік тілінде осы мағынасын сақтаған және күш-қуат, қайрат деген ауыспалы мағыналары да сәйкеседі.

«Ауа» сөзінің жазба ескерткіштердегі мағынасы – «алақан», ҚТТ-індегі *айа* сөзінің де мағынасы *алақан* дегенді білдіреді. Ал қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы – «алақанның шұңқыры». *Ая* алақанның аясы. Бұл сөз тілімізде түбір (ая) тұлғасында қолданылмай көбіне алақанның аясы, аядай, аялады сияқты туынды формаларында қолданылады. Алақанды *ая* демейміз, бірақ *ая* сөзі алақан мағынасында кейбір тіркестерде сақталып қалған. Мысалы, ашсам аямда, жұсам жұмырымда (мақал), аядай ғана бөлмеміз бар т.б. [2, 47 б.]. Екі мағынаның бір-бірімен жалпы ұғымдық қатысы, яғни байланыстыру белгілері ортақ, семантикалық жақындықтары үзілмеген.

Бұл – жалпы түркілік «қол» атауының жеке түркілік ұғым, мазмұн, мағына беру арқылы заттың, зат бөліктерінің саралануының дәлелі. Г.В.Колшанскийдің сөзімен айтқанда, жеке этникалық топтың, яғни ру, тайпа, халық өкілдерінің тіліндегі жеке сананың қоғамдық санаға айналуы адамдардың қоғамдық қатынаста түсінуінің алғышарты болды [3, 272 б.].

Ыдыс-аяқ, құрал-жабдық атаулары *ağ* (ау), *ağzlık* (ауыздық), *ayna* (айна), *bağ* (бау), *bayrak* (байрақ), *beşik* (бесік), *biz* (біз), *bloknot* (блокнот), *boya* (бояу), *burgu* (бұрғы), *çırpı* (шырпы), *defter* (дәптер), *dizgin* (тізгін), *döşek* (төсек), *iğne* (ине), *kalkan* (қалқан), *kase* (кесе), *kutu* (құты), *perde* (перде), *radio* (радио), *sepet* (себет), *top* (доп), *tor* (тор), *balta* (балта)

Қазақ тіліндегі *айна* сөзінің мағынасы – бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған, кескіні шағылысқан заттар бейнесін, суретін айнытпай көрсететін шыны немесе металл бұйым 2. *жерг.* Терезе. 3. *мед.жерг.* Рентген. 4. *ауыс.* Жарқын бейне, көрініс. Ал түрік тіліндегі *ayna* сөзі алғашқы мағынамен сәйкеседі. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *айныма* (нақ өзіндей, өзінен айна-қатесі жоқ ұқсас болып тұру) етістігі және түрік тіліндегі *ayni* (бірдей, біркелкі, айнымайтын, дәл сондай) сөздері «айна – алдында тұрған заттың бейнесін көрсете алатын тегіс, жылтыр шыны» семасымен байланысады. Лексикалық мағынасы тең түспегенімен, ортақ мағына ажырап кетпеген.

Ш.Шарапатұлы М.Қашқари сөздігіндегі семантикалық өзгеріске түскен сөздерді салыстыра келе, мағынасы ҚҚТ-інде сақталмаған сөздердің бірі ретінде *топиқ* (топ-доп) сөзін көрсетеді. Қазір «дәнекер сүйек», «жұмыр сүйек» деген мағыналардағы «ойыншық» мағынасындағы «доп» сөздерінің төркіні *топиқ* (топ-доп) сөзінде жатқандығы байқалады.

Бұдан бөлек араб тілінде «іші ауаға толтырылған резеңкеден жасалған зат» мағынасын беретін *туб* сөзі бар, бірақ доп сөзінің төркіні *топик* сөзі болуы мүмкін деген пікірді қуаттаймыз.

Өсімдік атаулары *andız* (андыз), *arpa* (арпа), *begonya* (бегония), *burçak* (бұршак), *çay* (шай), *çınar* (шынар), *çiçek* (шешек), *darı* (тары), *elma* (алма), *erik* (өрік), *hiyar* (қияр), *kabak* (асқабақ), *kaktus* (кактус), *kamış* (қамыс), *karagaç* (қарағаш), *karpuz* (қарбыз), *kavun* (қауын), *kaşun* (қайын), *gök* (көк), *göknaş* (көкнар), *lale* (лалагүл), *limon* (лимон), *lotos* (лотос), *maş* (маш), *mimoza* (мимоза), *nar* (анар), *papirus* (папирус), *sarımsak* (сарымсақ), *soya* (соя), *sümbül* (сүмбіл), *çeftalı* (шабдалы), *tütün* (темекі), *üzüm* (жүзім), *yaprak* (жапырақ), *zafrañ* (запыран), *ananas* (ананас), *ayva* (айва), *badem* (бадам)

Бейнелілігі жоғары және көмескіленген ауыспалы мағына зат, сөз, ұғым, алғашқы заттың белгісі, екінші бір заттың синонимдік атауы деген 5 компоненттен тұрады. Мысалы, *arpa* сөзінің қазақ тілінде және түрік тіліндегі мағынасы – бидайға ұқсас қалың қауызды, дәнді астық тұқымдасы. Негізгі мағынасымен қатар Батыс және Оңтүстік Қазақстанның жергілікті тіл ерекшеліктерінде «арпа пішіндес әйел әшекейі және арпа түріндегі ою» деген туынды мағыналары бар. Бұл туынды мағына өзбек және құмандардың тілінде де бар. Кейінгі мағыналардың туынды мағыналар болуының басты себебі – кейінгі заттың алғашқы зат пен пішінідік дәйектеме негізінде алғашқы заттың атауын алуы және кейінгі заттардың басқа атауының болмай, сол атаудың кейінгі заттарға тұрақталуы.

Табиғат құбылыстарының атаулары *akın* (ағын), *ayaz* (аяз), *ay* (ай), *ayдын* (айдын), *dağ* (тау), *çöl* (шөл), *gün* (күн), *deniz* (теңіз), *yer* (жер), *yel* (жел), *sel* (сел), *taskın* (таскын)

«Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде» *айдын* сөзіне этимологиялық талдау берілген. XVIII ғасырда өмір сүрген филолог Мехдихан бірсыпыра түркі тілдерінде қолданылып жүрген айдын сөзі туралы мынадай этимологиялық талдаулар жасаған. Оны біз А. Щербактың жазғандарынан білеміз: *айдын* (айлы түн) > ай + түн. Шынында да, *айдын* сөзі осы күнгі көптеген түркі тілдерінде айтылады: азербайжан (айдын), ұйғыр (айдын, айдын, айдун) т. б. Осы тілдердің сөздіктері бойынша, айдын сөзінің орыс тіліндегі аудармасы былай беріледі: айлы түн, ай сәулесі, ай сәулесі түсіп, жарқырап жатқал нәрсе. Сонда бұл сөз ай+түн>айтун> айдын болып қалыптасқанға ұқсайды. Түбір сөздегі *m*(түн) дыбысының *д-ға* айналуы оны қоршап тұрған дыбыстардың (*и мен ын*) әсерінен болса керек, ал *у* дыбысының *ы-ға* ауысуы, біріншіден алғашқы компоненттегі *a* дыбысының жуандығына қарай үндесу болса, екіншіден, ерін үндестігінің соңғы буында әлсізденуінен болар деп топшылаймыз. Басқа түркі тілдеріндегі *айдын* сөзінің өзара мағынасын салыстырғанда мынадай сияқты: 1) түнгі ай мен оның сәулесі, 2) ай сәулесінің су бетіне түсіп, шағылысқан жарығымен жарқырап

(шағылысып) жатқан нәрсе, 3) беті ашық, мөлдір не айқын нәрсе; 4) белгілі бір ұғымдағы көлем.

Aydın – 1. Жарық, жарығы мол, сәулелі, ашық. 2. Зиялы, оқыған, көзі ашық (адам).

Айдын – 1. Жайылып, шалқып жатқан су алабы, үлкен көл. 2. Айбар, айбат, қаһар, айбын

Екі тілде мағыналары дәлме-дәл сәйкеспегенімен, жоғарыдағы талдауға негіздегенде түрік тіліне 1, 2, 3-мағыналары сәйкес келсе, қазақ тілінде 3, 4-мағыналарында қолданылады. Ортақ мағына ретінде беті ашық, мөлдір не айқын нәрсе деген сема көрінеді. Айырушы мағына ретінде түрік тілінде *зиялы, оқыған адам* семасы болса, қазақ тілінде *айбар, айбат, қаһар* мағыналары. *Айдын* сөзінің дыбыстық, мағыналық жақындығы жөнінен параллелдік қатары *айбын* сөзі екінші мағынада жұмсалады. Түрік тіліндегі екінші «зиялы, оқыған, көзі ашық адам» семасы сараланған мағына. Тек контекстік қатынаста ғана мағына ажыратушылық қызметі көрінеді [4, 285 б.].

Зат есімдерге қарағанда сын есімдердің тематикалық тобының саны аз, сондықтан сын есімдерді тематикалық топтарға бөлушілер өте аз. Сын есімнің мынадай тематикалық топтары бар:

Заттың түсін білдіретін сын есімдер: *ak* (ақ), *gök* (көк), *kara* (қара), *sarı* (сары), *yeşil* (жасыл), *kırmızı* (қызыл), *konur* (қоңыр), *akçil* (ақшыл), *ala* (ала), *al* (ал), *kıpkızıl* (қып-қызыл), *sapsarı* (сап-сары), *kapkara* (қап-қара), *gökçül* (көкшіл), *yemyeşil* (жап-жасыл)

Түрік тілінде *yeşil* (жасыл), *sarı* (сары), *kıpkızıl* (қып-қызыл), *sapsarı* (сап-сары), *kapkara* (қап-қара), *yemyeşil* (жап-жасыл) сөздерінің мағынасы және қолданысы бірдей. Ал *ak*, *kara*, *gök* сөздерінің түс атауы ретіндегі қолданысы қазақ тіліндегідей емес. *Hangi elbiseyi alıcaksın?//Mavi (beyaz, siyah) elbiseyi alırım* мысалында нақты түс атауы ретінде *ak* немесе *gök* сөзін емес, *mavi*, *beyaz*, *siyah* сөздерін қолдансақ мағына нақты түсініледі, яғни конкретті мағына беруші түс атаулары басқа. Олар: *ak//beyaz*, *gök//mavi*, *kara//siyah* сөздері.

«Ал» сөзі көне түркі жазба ескеркіштерінде «өте қызыл, ашық қызыл» мағынасында жеке тұрып қолданылған. Бұл тұлғасы мен мағынасын түрік тілінде сақтаған. Ал қазақ тілінде *ал* – түстің қанықтығын білдіретін, дербес қолданылмайтын көмекші сөз түрінде келіп, «алқызыл» деген біріккен сөз ретінде жұмсалады. Парсыша *ал* сөзі «солғын қызыл» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі алмұрт, алқор, алма, алша, алкүрең, алқара деген сөздердің құрамындағы *ал* компоненті сөз болып отырған *ал-мен* байланысты болу керек.

Қара сөзінің түс ретіндегі қызметін жоғарыда көрсеттік. Ал одан басқа туынды мағыналары «ұлттық сипатқа» байланысты түсіндіріледі. «Ұлттық сипатсыз» деген критерий – шартты атау. Өйткені белгілі бір ұлттық тілдің сөзінде ұлттық сипаттың болмауы мүмкін

емес. «Ұлттық сипатты» деудің шарттылығы кейінгі мағыналарда ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенімдердің басым болатындығында. Мысалы, «ақ» сөзімен қазақ тілінде сүттен жасалатын өнімдерді жалпылама атауы, «қара» деп түрік тілінде құрлық, жерді атауы [5, 61 б.].

Дәмді білдіретін сын есімдер: *tatlı* (тәтті), *acı* (ащы), *şekersiz* (шекерсіз), *tuzlu* (тұзды), *tuzsuz* (тұзсыз)

Түркі тілдеріндегі араб, парсы сөздерінің сингармониялық паралельге айналуы, яғни мағына ажыратушылық қызметі жарыспалы қолданылатын түбір сөздердегі дауысты жуан-жіңішке дыбыстардың еркін алмасуынан қалыптасады. Кей жағдайда, әрбір түбір сөз өз алдына жеке лексикалық мағына қосады. Соның негізінде бір түбір екінші түбірден ажыратылды. Тілдегі сөз мағынасының одан әрі дамуы басталады. Мысалы, парсы тілінен енген «дәм» сөзінің қазақ тіліндегі мағынасы: 1. Түрлі тағамдардың әсерінен ауыз қуысында пайда болатын сезім, түйсік 2. Ауыз қуысындағы мүшелер арқылы білінетін ас – тағамдардың өзіндік қасиеті. 3. Ас, тағам, тамақ. Өзге туыстас тілдерде «тағам» сөзіндегі «г» дыбысының түсіріліп айтылуынан түрлі тағамдардың әсерінен пайда болатын сезім, түйсік немесе ас, тамақ атаулары түркі тілдерінде бірде дәм, даам, тағам, таам болып айтылатындығын байқаймыз. Түрік тілінде дәм, татым мағынасын беретін тат сөзі бар. Бұл сөздердің түпкі төркіні сингармониялық паралельге айналады. Тамақ дәміне қатысты қазақ тілінде 1. Дәмі бал, кант, кәмпит сияқты. 2. Дәмді, нәрлі, жұғымды, сіңімді мәніндегі «*təm̄mi*» сөзі қолданылады. Ал түрік тілінде тәтті, дәмді мәнін беретін «*tatlı*» сөзі бар. Өзге түркі тілдерінде *təm̄mi//tatlı* сөздері *тағамлы*, *дадлы*, *дамлы* болып қолданылады. Сондай-ақ қазақ тіліндегі таты етістігінің мағынасы «*дәмі шығу, біліну*» [6, 127 б.]. Сонымен, *дәм-тат-тәм̄mi-татлы* – синоним сөздер, «*тағам*» сөзінің фонетикалық өзгерісінен «*дәм*» сөзі қалыптасып, тәтті-татлы сингармониялық паралелдері екі тілде орныққан.

Заттың көлемін білдіретін сын есімдер: *iri* (ірі), *dar* (тар), *kısa* (қысқа), *küçük* (кішкентай), *uzun* (ұзын)

Dar – 1. Тар, аумағы шағын. 2. *ауыс*. Өресіз, ой-өрісі тар, күйкі, қысқа ақылды, шолақ ойлайтын. 3. Жеткіліксіз, мардымсыз, тапшы *dar bütçe* мардымсыз бюджет *dar zaman* қысылтаяң шақ. 4. Дар (дар ағашы)

Tar – 1. Кең емес, кішкентай, шағын. 2. *ауыс*. Қиын, қысылтаяң, қатал. 3. *жерг*. Ыдыс, шара

Tar//dar сөздерінде фонетикалық өзгеріс болмаса, мағыналық алшақтық жоқ. Негізгі тірек сема ретіндегі белгілі бір аумақтың кішкентай, шағын екенін көрсетуден, дерексіз заттарға да қатысты қолданыла бастаған сараланған мағынасын көре аламыз. Түрік тіліндегі

ой-өрісі тар, қысқа ақылды мағыналарын қазақ тіліндегі *tar* сөзі басқа сөзбен тіркесіп келіп *tar пейіл, тар көңіл, тар мінез* деген тіркестер құрамында береді. Ал түрік тіліндегі *dar* ағашы мағынасын беретін *dar//tar* сөзінің омонимдік қатары қазақ тілінде *tar* емес, *dar* күйінде қолданылады.

Түркі тілдерінде *oz//uz//uz* түбір тұлғасымен басталып алыс, қашық, жырақ, ұзақ, көп уақытқа созылған мағынасын беретін *ozun//uzun//ұзын, узак//узоқ//узақ//ұзақ* тұлғасымен келетін сөздер бар. Бұл келтірілген сөздердің қазақ және түрік тілдеріндегі мағыналарын салыстырайық:

- *Uzun* – 1. Ұзын *uzun sokak* ұзын көше. 2. Ұзақ, ұзаққа созылған *uzun vadeli kredi* ұзақ мерзімді несие *uzun sözüün kisası* ұзын сөздің қысқасы.
- *Ұзын* – 1. Қысқа емес, шұбатылған. 2. Биік, сорайған, сойдыған. 3. Ұзақ, көп уақытқа созылған.
- *Uzak* – 1. Алыс, қашық; ұзақ *uzak yer* алыс жер. 2. Күмәнды, екіталай.
- *Ұзақ* – 1. Алыс, қашық, жырақ. 2. Көп уақытқа созылған, тез емес. 3. Ұзын, шұбалаңқы; қысқа емес .

Әуелгі *uz//uz* түбір тұлғасының алыс, қашық, қысқа емес мағыналарын бергенін, кейін келе мағына ажыратушылық қызметте туынды мағыналар пайда болып, синонимдік параллельдер ретінде көрініс береді. Түрік тілінде ұзын сөзінің қысқа емес мағынасымен ұзақ мағынасы қат-қабат қолданыла береді. *Uzun zaman//ұзақ уақыт, uzun kelime//ұзын сөз* тіркестерінде бірде ұзақ, бірде ұзын мағыналарында жұмсалған. Ал қашық, алыс мағынасын беруде нақты узак сөзі қолданыста. Қазақ тілінде ұзын сөзі нақтылы өлшем мағынасын білдіру мәнінде көп жұмсалады. Бірақ мағыналық жақындықты, негіздік мағынадан ажырамағанын жоғарыда келтірілген мысалдардан көре аламыз [5, 189 б.].

Тұжырым. Қорыта айтқанда, ортақ лексикада жалпы семантиканың болуы – генетикалық төркіндестіктен, ортақ лексиканың жекелеген мағыналарының болуы – олардың дербес тілдер екендігінің белгісі. Ортақ лексикада жалпы мағынаның болуы – тұтас тіл болған дәуірдің, жалпы мағынаның жеке мағыналарға тарамдалуы – тұтас тілдің дербес тілдерге тарамдалған кезеңдерінің нәтижесі. Ортақ лексикада семантикалық ерекшеліктердің болуы – қазіргі түркі тілдерінің дербес тілдер болып қалыптасқандығының дәлелі.

Әдебиеттер тізімі

1. Раева Г. Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктері. Монография. – Алматы: LP-Zhasulan, 2019. – 154 б.

2. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
3. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
4. Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы (түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша). Монография. – Алматы: Кантана-пресс, 2011. – 552 б.
5. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Оқулық. – Алматы: Ғылым, 2010. – 264 б.
6. Bayniyazov A., Bayniyazova J., Koç K. Türkiye Türkçesi - Kazak Türkçesi Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2019. – 594 s.

References

1. Rayeva G. (2019). Turki tiderindeki dybys saikestikleri. Monografiya. [Sound matches in Turkic languages. Monograph]. Almaty: LP-Zhasulan [in Kazakh].
2. Yskakov A., Syzdykova R., Sarybaev Sh. (1966). Qazaq tilinin qysqasha etimologialyq sozdigi [Brief Etymological Dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
3. Orazov M. (1991). Qazaq tilinin semantikasy [Semantics of the Kazakh language]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
4. Sharapatuly Sh. (2011). Turki leksikasynyn semantikalyq derivasiyası (turki zhazba eskertkishteri men qazirgi turki tilderinin materialdary boiynsha) [Semantic derivation of Turkic vocabulary (based on the materials of Turkic written monuments and modern Turkic languages)]. Almaty: Kantana-press [in Kazakh].
5. Kaliev G., Bolganbaev A. (2010). Qazirgi qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy. Oqulyq [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language. Textbook]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
6. Bayniyazov A., Bayniyazova J., Koç K. (2019). Türkiye Türkçesi - Kazak Türkçesi Sözlüğü. Ankara: Türk Dil Kurumu [in Turkish-Kazakh].

ГРАММАТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОБЩЕЙ ЛЕКСИКИ (по материалам казахско-турецких языков)

Б.Қ. МҰРАТБЕК ^{[0000-0002-4100-2534]*}, **Ж.О. ӘМІРҒАЛИ** ^[0000-0002-8327-6402]

Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Ақтөбе, Қазақстан

* e-mail: baglash@mail.ru

Аннотация: В статье рассматривается тематический, грамматический характер лексики, общей для современного казахского и турецкого языков. Общая история, наличие общей лексики в казахско-турецком языке – закономерная вещь. Наличие слов, общих для современного казахского языка и турецкого языка в разных значениях, связано с тем, что каждая нация имеет свое национальное познание, видение предметов и явлений. Основная причина, по которой одно и то же слово называет разные явления или, наоборот, одно и то же явление разными словами, заключается в том, что народы имеют отношение к обычаям, традициям, предрассудкам, профессиям, природно-климатическим явлениям и условиям. Основная причина различного познания тюркскими народами той или иной объективной реальности связана с мировоззренческими особенностями каждой нации и даже ее представителей, мировосприятие у представителей одной нации разное. Мировоззрение включает в себя взгляды, психику, логику, вкусы, обычаи, традиции, убеждения и т. д. Поэтому каждая нация, народ, человек могут иметь несколько форм в одну форму, несколько форм в одно содержание. Изменения, происходящие между членами Лексико-семантической группы, затрагивают не все слова одной и той же группы, затрагивают только членов определенной группы. Под грамматическим характером общей лексики мы рассмотрели слова, которые в современном казахском и турецком языках не подверглись значительному изменению или частично совпадают по значению.

Ключевые слова: лексика, семантика, константы, этимология, диалект, варианты, нация

GRAMMATICAL CHARACTER OF THE GENERAL VOCABULARY (based on the materials of the Kazakh-Turkish languages)

B.K. MURATBEK ^{[0000-0002-4100-2534]*}, **ZH.O. AMIRGALI** ^[0000-0002-8327-6402]

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

* e-mail: baglash@mail.ru

Abstract: The article deals with the thematic, grammatical nature of the vocabulary common to the modern Kazakh and Turkish languages. The common history, the presence of a common vocabulary in the Kazakh-Turkish language is a natural thing. The presence of words that are common to the modern Kazakh language and the Turkish language in different meanings is due to the fact that each nation has its own national knowledge, vision of objects and phenomena. The main reason why the same word names different phenomena, or, conversely, the same phenomenon with

different words, is that peoples have to do with customs, traditions, prejudices, professions, natural and climatic phenomena and conditions. The main reason for the different cognition of this or that objective reality by the Turkic peoples is related to the worldview features of each nation and even its representatives, the world perception of the representatives of one nation is different. The worldview includes views, psyche, logic, tastes, customs, traditions, beliefs, etc. Therefore, each nation, people, and person can have several forms in one form, several forms in one content. Changes occurring between members of a Lexico-semantic group do not affect all words of the same group, but only members of a particular group. Under the grammatical character of the general vocabulary, we have considered words that in modern Kazakh and Turkish have not undergone significant changes or partially coincide in meaning.

Key words: vocabulary, semantics, constants, etymology, dialect, variants, nation